



centercredit

Ипотека өнімдері бойынша клиентке арналған жадынама

- 1[→] Ай сайынғы төлемді есептеңіз.** Қарыз сомасы мен ай сайынғы төлемді алдын ала есептеу үшін кредит калькуляторын пайдаланыңыз
- 2[→] Кредит беру шарттарымен танысыңыз.** «Толығырақ» батырмасын басып, кредит беру шарттарымен, қарыз алушыға және жылжымайтын мүлік объектісіне қойылатын талаптармен мұқият танысыңыз
- 3[→] Кредиттің мақұлдану мүмкіндігін арттырыңыз!** Қолданыстағы кредиттер тізімінен шартқа қол қойғанға дейін өтей алатын немесе өтеп қойған қарыздарыңызды таңдаңыз
- 4[→] Алдын ала шешім алыңыз.** Өтінімді толтырып, жібергеннен кейін Банк ұсынылған деректер негізінде төлем қабілеттілігіңіз бен кредитті өтеу қабілеттілігіңізді алдын ала бағалайды. Өтінімді қарау нәтижесі бойынша сізге қарыз алу мүмкіндігі және кредит ресімдеудің келесі қадамдары туралы алдын ала шешім ұсынылады

5[→] Жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есепті (ТБК есебі) дайындаңыз. Сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау үшін кез келген тәуелсіз бағалаушыға тапсырыс беріңіз

Егер кепіл заты **пәтер болса және кепілгер тартылмаса**, кредит ресімдеуді **толықтай онлайн** жалғастыра аласыз

Егер кепіл заты **тұрғын үй болса немесе кепілгер тарту жоспарланса**, кредит ресімдеуді жалғастыру үшін Банк бөлімшесіне хабарласу қажет

6[→] Жылжымайтын мүлік объектісіне қатысты құжаттарды жүктеңіз. Жылжымайтын мүлікті тексеру үшін келесі құжаттарды жүктеңіз: ТБК есебі; бағалау қызметінің ақысын төлегені туралы түбіртек

7[→] Табысыңызды растайтын құжаттарды ұсыныңыз. Егер өтінім берген кезде қосымша табыс көзін көрсеткен болсаңыз немесе Банк шарттарына сәйкес арнайы кәсіптердің біріне (Адвокаттар/Нотариустар/ЖСО, Әскери қызметшілер) жататын болсаңыз, табысыңызды растайтын құжаттарды қоса тіркеуіңіз қажет

Ұсынылған мәліметтер төлем қабілеттілігіңізді бағалау және өтінім бойынша шешім қабылдау үшін пайдаланылады. Құжаттардың өзекті екеніне және дұрыс ақпаратты қамтитынына көз жеткізіңіз. Егер ресми табысыңыз қолжетімді мемлекеттік дерек базалары мен ақпараттық жүйелер арқылы расталатын болса, қосымша құжаттарды ұсынудың қажеті жоқ

8⁺**Банктің түпкілікті шешімін алыңыз.**

Ұсынылған құжаттар тексерілгеннен кейін Банк өтінім бойынша түпкілікті шешім қабылдайды. Мақұлданған қаржыландыру шарттарымен танысыңыз

9⁺**Сатушыдан растау алыңыз:**

BCC.KZ мобильді қолданбасы арқылы ақшалай қаражат аударылатын шотты таңдауы қажет

10⁺**Мәмілені нотариуста ресімдеңіз:**

Банк оң шешім қабылдағаннан кейін сізге кепілдік хат пен мәмілені ресімдеуге болатын нотариустардың тізімі қолжетімді болады

Нотариуста келесі құжаттар ресімделеді:

- Сатып алу-сату шарты
- Жұбайының кепілге қоюға нотариатты келісімі немесе нотариатты өтініш (меншік нысанына байланысты)

Егер өтінімде өтелуге тиіс кредиттер көрсетілген болса, нотариусқа оларды растайтын құжаттарды ұсыну қажет:

- Қарызды өтеу туралы анықтамалар (өтінімді ресімдеген кезде қолданыстағы кредиттер тізімінен таңдалған жағдайда)



11

«ЖАҢА ипотека» өнімі бойынша қосымша шарт.

«ЖАҢА ипотека» өнімі бойынша қарыз алушы қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін «Депозит-кепілдік» салымына ақшалай қаражат орналастыруы қажет: табысы расталған жағдайда — сатып алынатын жылжымайтын мүлік құнының кемінде 20%-ы; табысы жанама түрде расталған жағдайда — сатып алынатын жылжымайтын мүлік құнының кемінде 50%-ы.

Салымға орналастырылған ақшалай қаражат кепіл заты болып саналады және бір мезгілде сатып алынатын жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесі бойынша бастапқы жарна ретінде есепке алынады.

Аталған қаражат өнім шарттары мен Банктің талаптарына сәйкес пайдаланылады

12

Сақтандыруды немесе комиссияны төлеңіз. Сатып алу-сату шарты тіркелгеннен кейін: сақтандыру сыйлықақысын; немесе Банктің комиссиясын (таңдалған өнімнің шарттарына сәйкес) төлеңіз. Төлем жасау үшін ағымдағы шотыңызды қажетті сомаға алдын ала толықтырыңыз

13

Құжаттарға онлайн қол қойыңыз. Ұсынылған құжаттармен танысып, **биометриялық сәйкестендіру** арқылы оларға онлайн қол қойыңыз

14 **Банктің құжаттарды тексеруі**
Банк құжаттарға және мәміленің дұрыс ресімделуіне түпкілікті тексеру жүргізеді

15 **Мемлекеттік баж төлемі және кепілді тіркеу.**
Мемлекеттік бажды төлеңіз. Осыдан кейін Банктің пайдасына ауыртпалыққа (кепілге) мемлекеттік тіркеу жүргізіледі

16 **Қарыз алу.**
Барлық процедура аяқталғаннан кейін қарыз беріледі, ал ақшалай қаражат жылжымайтын мүлікті сатушының шотына аударылады



Маңызды: кредитті толықтай онлайн ресімдеуді тек кепілге пәтер қойылғанда және кепілгер болмаған жағдайда жалғастыруға болады. Қалған барлық жағдайда Банк бөлімшесіне хабарласу қажет

Жиі қойылатын сұрақтар

Жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есепті (ТБК есебі) қалай дайындауға болады?

- ➔ Кез келген тәуелсіз бағалаушыға жылжымайтын мүлікті бағалауға тапсырыс беріп, Банкке ұсыну үшін ТБК есебі мен **төлем түбіртегін** алыңыз

Қарызды ресімдеу үшін қандай құжаттар қажет?

- ➔ Қарызды ресімдеу үшін келесі құжаттарды дайындау қажет:
- Жылжымайтын мүлікке қатысты барлық құқық белгілейтін құжат
- Жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық (кадастрлық) паспорты
- Нотариатты өтініш/кепілге қоюға келісім

Құжаттарды **түпнұсқаларынан сканерлеп**, өтінімге тіркеу қажет

Жиі қойылатын сұрақтар

Қандай файл форматтарына рұқсат етіледі?

- ➔ Өтінімге **тек PDF** форматындағы құжаттар жүктеледі
- ➔ Файлдың ең үлкен көлемі – **20 МБ**

PDF орнына JPG файлын жүктеуге бола ма?

- ➔ **Жоқ.** JPG форматындағы құжаттарды алдын ала PDF форматына түрлендіру қажет

JPG файлын PDF форматына қалай түрлендіруге болады?

 Смартфонда
Бөлісу → Басып шығару → PDF ретінде сақтау

 Windows жүйесіндегі компьютерде
Басып шығару → Microsoft Print to PDF

Бейне нұсқаулық

Маңызды: Кредитті толықтай онлайн ресімдеуді тек кепілге пәтер қойылғанда және кепілгер болмаған жағдайда жалғастыруға болады. Қалған барлық жағдайда кредитті ресімдеуді жалғастыру үшін Банк бөлімшесіне хабарласу қажет

Алдын ала шешім бойынша бас тарту алынған жағдайда не істеу керек?

Егер өтінімді алдын ала қарау кезеңінде бас тарту алсаңыз, сіз:

- ➔ Кеңес алу үшін **Банк бөлімшесіне** хабарласа аласыз
- ➔ Мүмкіндігіңіз болса, **кепілгер тарта аласыз**, бұл қарыздың мақұлдану ықтималдығын арттыруы мүмкін
- ➔ Өтінімді әрі қарай ресімдеудің ықтимал нұсқаларын Банк қызметкерінен нақтылай аласыз

Өтінімді ресімдеу қанша уақыт алады?

Өтінімді қарау және ресімдеу мерзімі —

1 жұмыс күнінен 3 жұмыс күніне дейін.

Кейбір жағдайларда қосымша құжаттарды ұсыну немесе ұсынылған мәліметтерге қосымша тексеру жүргізу қажет болса, бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. Өтінімді қарау нәтижесі туралы Банк барлық қажетті процедура аяқталғаннан кейін сізге хабарлайды

Қосымша сұрақтарыңыз болса, **0505** нөміріне қоңырау шалыңыз



WhatsApp арқылы жазыңыз

Маңызды: Түпкілікті шешімді Банк құжаттардың толық жиынтығын қарап, кредит беру шарттарының барлығын бағалағаннан кейін қабылдайды